

Тауарларды жөнелту алдындағы инспекциялау бойынша жұмысты ұйымдастыру жөніндегі қажетті шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 22 қараша N 163-ө

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін импортталатын тауарлардың жекелеген түрлерінің кедендік құнын айқындау жөніндегі процесті жетілдіру және негізделген кедендік төлемдер мен салықтардың есептелуін қамтамасыз е т у м а қ с а т ы н д а :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп кедендік бағалаудың халықаралық принциптерінің негізінде Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың жекелеген түрлерінің құнын айқындау (тиеу алдындағы инспекция) жөніндегі тәртіпті әзірлесін және қабылдасын;

2) оны алдын ала Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарымен келісіп тиеу алдындағы инспекцияға жататын импортталатын тауарлардың тізбесін айқындасын;

3) тауарларды кедендік бағалаудың халықаралық принциптеріне сәйкес

айқындау мәселелері бойынша қызметтер көрсететін тәуелсіз консультанттарды іріктеу жөнінде ашық тендер дайындасын және өткізсін.

2. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

